

# Тұлға психологиясына кіріспе



1. Дара адам (индивид), даралық, тұлға.
2. Тұлға түсінігі.
3. Тұлғаның психологиялық қорғанысы.

***Тұлға - адамзат әлемінің негізгі  
сыры, жұмбағы.***

***Тұлға мәселесімен көптеген ҒЫЛЫМ  
саласы айналысады: философия,  
тарих, заң, педагогика, сонымен  
қатар психология және  
патопсихология.***

- Алайда осы уақытқа дейін тұлға ілімінде бірлік жоқ, сондықтан бұл түсінікті қолдану барысында бірқатар қиындықтар туындайды.
- Адам тірі ағза және тұлға бола тұрып, қоғамдық даму процессі мен материяның биологиялық дамуының күрделі интегративті даму нәтижесін көрсетеді.
- Адамды ғылыми тұрғыдан суреттей алу үшін психологияда бірнеше түсініктерді қарастырады.

**«Тұлға» түсінігінен басқа, мұндай түсініктерге «дара адам», «адам», «даралық».**

***Сондықтан тұлға түсінігі осы түсініктермен мағыналас болып келеді:***

- ❖ ***дара адам (индивид)***
- ❖ ***адам***
- ❖ ***даралық***





- ❖ Индивид латынша. *individuum* - бөлінбейтін) деген мағынаны білдіреді;

- ❖ Дара адам- «*homo sapiens*» тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі-нақты адам.

# Дара адамның қасиеті

**бірінші**

**ЖЫНЫСЫ**

Конституциялық  
ерекшеліктері

Мидың нейродинамикалық  
қасиеті

Мидың қызметтік  
асимметриясы

**екінші**

Психофизиологиялық  
қызмет динамикасы

Индивидтің органикалық  
қажеттіліктер құрылымы



**«Даралық сапалық ерекшеліктер адамды осы түрдің басқа өкілдерімен байланыстырып тұрады».**


**Проф. А.Г. Асмолов**

***Индивид*** – бұл адамзат тегінің өкілі ретіндегі тұлғаның психосоматикалық ұйымдасуы.

- **«Дара адам» түсінігіне бір адамды екінші адамнан ажырататын және басқа да көптеген адамдардың ортақ қасиеттерінің жиынтық сапасы жатады.**
- **Бала дүниеге келгенде – дара адам болып келеді. Оның дене құрлысының тік жүре алу мүмкіндігі бар, миының құрлысы интеллект даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді, қолының құрлысы– еңбек құралдарын қолдануға мүмкіндік береді т.б.**



- **«Адам» – өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрнісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі, әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі.**
- **Бұл адамға тән қабілеттер мен қасиеттер адамдарға биологиялық тұқым қуалау арқылы берілмейді, өмір барысында адамның жылдар бойы қалыптасқан мәдениетті меңгеру негізінде пайда болады.**



**Әр кезеңдегі адамдар алдыңғы ұрпақтарының іздерін жалғастыра отырып, өз өмірлерін заттар мен құбылыстар әлемінен бастайды. Еңбекке және де басқа да қоғамдық іс-әрекеттерге араласа отырып, олар өздеріне адами қабілеттерді қалыптастырады.**

**Келер ұрпаққа адами мәдениетті үйретпей адамзаттың дамуы мүмкін емес.**

- ***Осылайша, индивид биологиялық толысқан бола тұра қоғамсыз адам болып, қандайда бір ерекше сапаларды қалыптастыруы мүмкін емес.***
- ***Екінші жағынан биологиялық жетіспеушілік болған кезде (олигофрения) қоғам, тәрбие, білімнің көмегімен де жоғары адами қасиеттерге жету мүмкін емес.***

**Демек, «Адам» түсінігі бүкіл адамзат баласына тән адами қасиеттердің жиынтығынан тұрады.**

Тұлға - дегеніміз адамның тек табиғи-биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз байланыс-қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп атайды. Нақтылап айтсақ, тұлға – индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы.




**Адамды тұлға деп оның өмір әрекетінің кейбір кезеңдерінде ғана айта аламыз.**

**Адамның қоғамда дамуы оны тұлға ретінде қалыптастырады.**

❖ **Тұлға сипатындағы маңызды нәрсе оның қоғамдық мәні.**

*Адам тұлға ретінде қоғамның субъектісі болып табылады және де оның қасиеттерінде әлеуметтік маңызы бар тұрақты психологиялық жүйеден тұрады.*



**Адам көптеген әлеуметтік топтың өкілі. Әр топта оның өзіндік орны бар және де оған қойылатын талаптар болады.**

**Әлеуметтік рөлдерді меңгеру – тұлғаның әлеуметтенуінің бір бөлігі, қоғамда өсіп-өнуінің алғы шарты.**

**Тұлға әлеуметтенуі – бұл тұлғаның қоғамдық құндылықтар мен адамзаттық ұнамды әрекет-қылық әдістерін меңгеру негізінде қауым тіршілігіне қажет қаблеттерді қалыптастыруы.**

# Тұлғаның түрткілері мен бағыттылығы

- **Қажеттілік, мотив (түрткі), мақсат** – адамның мотивациялық ортасының негізін құраушылар.
- Әрбір қажеттілік көптеген мотивтер арқылы жүзеге асады және әрбір мотив әртүрлі мақсаттар жиынтығы арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Заттық сипатына орай қажеттіліктер материалдық, әлеуметтік және рухани болып бөлінеді.







**Материалдық**  
– тұлғаның өмір  
тіршілігін  
қамтамасыз етеді.

## Потребности человека

■ Социальные – свидетельствуют о том, что человек – существо социальное, коллективное и вне группы жить не может. Человек жаждет дружбы, привязанности, любви, общения, помощи близких, заботы о другом, принадлежности к сообществу, участия в организациях.




# Әлеуметтік байланыстағы қажеттілік (қатынас);

Әлеуметтік ортада өмір сүру, сол ортада өзіндік орнының болуы, айналасындағылардың көзайымын алу.



**Рухани қажеттілік** – танымдық және эстетикалық ләззат алудағы арнайы адами қажеттілік.

**Қажеттіліктің келесі деңгейі – білімде (пәнге деген қызығу, оны үйренуге бейімділік).**



**Мотив – бұл *мұратқа* жету жолы.**



***Мұрат*** – адамның алдына қойған ең асыл, ең ардақты мақсаты. Адам осыған жетуі үшін қолдан келгеннің бәрін пайдаланады.

- Мақсат әрқашан анық болады, ал мотив үнемі айқын бола бермейді.
- Мотивтің мақсатқа айналу мүмкіндігі де жоқ емес. Яғни, қандайда бір мотивтің әсерінен пайда болған мақсаттың өзі мотивтке айналуы мүмкін.

Сонымен бірге адам әрекетінің мотиві ретінде қарастырылады: **ҚЫЗЫҒУ, НИЕТ, ҰМТЫЛЫС, ҚҰМАРЛЫҚ, КӨЗҚАРАС, НАНЫМ**

- **ҚЫЗЫҒУ** – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшеліктерінің көрнісі. Қызығусыз адамның рухани өмірі дамымайды.
- **Ниет**- саналы қажетсіну, толық белгілі бір затқа құмарлық .

- **ҰМТЫЛЫС** – ниетке ерік күш қосылғанда пайда болады.
- **Құмарлық**- бағыт-бағдардың ең қарапайым биологиялық формасы.
- **Көзқарас**- қоршаған дүние болмысын философиялық, эстетикалық, этикалық, жаратылыстану және басқа ғы жүйесінде тану.
- **Наным**- адамды әрекетке ықпалдаушы мотивтер жүйесі, бағыт-бағдардың ең жоғарғы формасы.



*Назарларыңызға рахмет!*

